

Маңғыстау облысы Денсаулық сақтау басқармасы  
«Жетібай ауылдық ауруханасы» ШЖҚ МҚК

## АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Жетібай ауылдық ауруханасы» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметіндегі  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы  
2020-2022 жж.

Жетыбай ауылы , 2023 жыл

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

Жетібай ауылдық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директорының 2023 жылғы 08 мамырдағы № 183-Н/Қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылғы 01-30 маусым айы аралығында жүргізілді.

Ішкі талдаумен «Жетібай ауылдық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын 2020, 2021, 2022 жылдардың аралығындағы жұмыс кезеңі қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 «Сыбайлас жекөрлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

«Жетібай ауылдық ауруханасы» ШЖҚ МҚҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобы:

Жұмыс тобы басшысы- емхана бойынша директор орынбасары –Оразов Қ.С.

Жұмыс тобы мүшелері- 1.

Терапия бөлімшесінің менгерушісі, дәрігер – Оралشاева Тлектес Тулемисовна

Хирургия бөлімшесінің менгерушісі, дәрігер – Хасан Жамбыл Қайратұлы

Балалар соматикалық аурулар бөлімшесінің менгерушісі, дәрігер – Қуандық

Асланбек Қыдырбекұлы

Жұқпалы аурулар бөлімшесінің дәрігері – Нұрадинов Қалдыбай Жұмаханұлы

Аналар босану бөлімшесінің менгерушісі, дәрігер – Мырзакулова Дармина Сансызбаевна

Күндізгі стационар бөлімшесінің менгерушісі, дәрігер – Анетова Карима Кайржановна

Мұнайшы дәрігерлік амбулаториясының дәрігері – Адамбекова Гулжайна Адамбековна

Шарушалық менгерушісі – Жакупов Аскербек Болатович

Мамандармен жұмыс жөніндегі инспектор – Жумсакова Алтынгул Исагалиевна

Бас есепші – Жұбан Фарида

Мемлекеттік сатып алушы маман – Сәдурова Гаянэр Оралбайқызы

Фармацевт – Сәрсен Теңелбай Жұмаұлы

**Жұмыс тобы хатшысы:**

Сәдурова Гаянэр Оралбайқызы

**Аналитикалық ішкі талдау жасау алгоритімі:**

1. Қызметтің қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарда сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Ұйымдастыру-басқару қызметтінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
3. Мудделер қақтығысы;
4. Мемлекеттік қызмет көрсету;
5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
6. Бақылау функцияларын іске асыру;
7. Ұйымдастыру-басқару қызметтінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру;
8. Қаржы-шаруашылық қызметтінде анықтау;
9. Анықталған жасасырын мемлекеттік қызметтердің саны.

**1. Қызметтің қозғайтын құқықтық актілерде, ішкі құжаттарда сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

«Жетібай ауылдық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны. Мекен-жайы: Қарақия ауданы, Жетібай ауылы, құрылыш 670.

Кәсіпорын өз қызметтінде КР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" КР Кодексін, КР Кәсіпкерлік кодексін, КР Еңбек кодексін, "Мемлекеттік сатып алу туралы" КР Заңын, «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» КР Заңын, «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» КР Үкіметтің қаулысын, "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" КР Үкіметтің қаулысын, «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидалары» КР ДСМ бұйрығымен бекітілген сондай-ақ Кәсіпорын Жарғысын және Ұжымдық шартты тағы да басқа нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Кәсіпорынның қызметтің қозғайтын құқықтық актілер, бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері, жеке және занды тұлғалардың өтініштері, сот актілері зерделенді.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану кезінде басқару функциясын іске асыру бойынша жұмыс барысында сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**2. Ұйымдастыру-басқару қызметтінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

**Жетібай ауылдық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорныны.**

(мемлекеттік мекеменің/ұйымның атауын көрсету)

**Персоналды басқаруға байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).**

Персоналды басқару қызметі, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

2020 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 295,5 бірлікті құрайды.

2021 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 292 бірлікті құрайды.

2022 жыл 5 қаңтардағы жағдай бойынша, штат саны 264,5 бірлікті құрайды.

Бос жұмыс орындары туралы мәліметтер Жетібай ауылдық ауруханасы сайтына, электрондық еңбек биржасына орналастырылады ([www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)), ақпарат Жаңаөзен қаласының Жұмыспен қамту орталығына жіберіледі.

2020 жылы жұмысқа 6 дәрігер, 13 медбике, 16 өзге маман жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 8 дәрігер, 11 медбике, 15 өзге маманмен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49 – бабы, 5 – тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды. Сонымен қатар 6 дәрігер, 18 медбике, 2 өзге маманға тәртіптік жаза қолданылды.

2021 жылы жұмысқа 12 дәрігер, 21 медбике, 18 өзге мамандар жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды, 11 дәрігер, 29 медбике, 18 өзге маманмен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49–бабы, 5–тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды. Сонымен қатар 7 дәрігер, 27 медбике, 3 өзге маманға тәртіптік жаза қолданылды.

2022 жылы жұмысқа 6 дәрігер, 4 медбике, 17 өзге маман жұмысқа қабылданып еңбек шарты жасақталды. 9 дәрігер, 17 медбике, 21 өзге маманмен жасақталған еңбек шарты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49–бабы, 5–тармақшасына сәйкес қызметкерлердің бастамасы бойынша бұзылды. Сонымен қатар 3 дәрігер, 10 медбике, 1 өзге маманға тәртіптік жаза қолданылды.

Жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкер Ішкі еңбек тәртібінің Ережелерімен, Лауазымдық нұсқаулықтармен және оның қызметіне қатысты басқада нормативтік актілермен, қол қойғыза отырып, танысады. Қызметкердің тапсырылатын жұмысқа біліктілігінің сәйкестігін тексеру мақсатында Еңбек шартын жасасу кезінде міндettі түрде сынақ мерзімі туралы талап белгіленеді.

Жағымсыз себептер бойынша жұмыстан шығарылғандар болған жоқ.

Жетібай ауылдық ауруханасы қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар бойынша әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кесіптік және техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардағы

әкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Сондай – ақ, қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26 – бабы 2 – тармағының 3) тармақшасында көзделген, сottalғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе тартылған кәмелетке толмаған адамдардың және сауықтыру, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәденеиет және өнер саласындағы ұйымдарға жұмысқа орналасуға жол бермеу (КР Қылмыстық – процестік кодексінің 35 – бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) бөлігінде шектеулердің жоқтығы, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандалығына қарсы, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін құқық бұзушылықтардың болмауы тексерілді.

Барлық қызметкерлердің жеке істерінде КР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық – анықтамалық есептеріне сәйкес сottылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

### 3.Мұдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдер саны - 2(бірлік).

Талдау барысында Тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің және Кәсіпорын Жарғысының нормаларына сәйкес тәртіптік жазаларды қолдану және алып тастау құқығы Кәсіпорынның бірінші басшысына (директорына) ғана берілген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау жағдайлары анықталды, бұл тәртіптік жазалардың таза формалды болуы мүмкін екендігін көрсетуі мүмкін. Әрине, қолданыстағы еңбек заңнамасы жұмыс берушіге тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастауға мүмкіндік береді. Бұл ретте тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау оларды мерзімінен бұрын алып тастаудың орындылығы туралы мәселені шешу үшін құрылған комиссиялардың ұсынымдарының нәтижелері бойынша жүргізілгені ескерілді. Осылайша, Кәсіпорын басшысының дискрециялық өкілеттіктерінің кеңдігіне байланысты тәуекелдер барынша азайтылды. Дегенмен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мына жайтқа назар аударылды. Қоғамда бекітілген ережесі бар және мұдделер қақтығысын барынша азайту мақсатында тікелей немесе жанама мұдделі тұлғаның комиссия жұмысына қатыса алмайтындығы туралы ережелер болатын тұрақты комиссияның жоқтығы (болуы жақын туыстық қарым-қатынастар және т.б.), немесе тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға мұдделі емес (дүшпандық көзқарастың болуы және т.б.).

Ондай-ақ, шешімнің әділдігін және кемсітушілікке жол бермеу мақсатында еңбек саласында жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан тепе-тендік негізде комиссия құруды мақсатқа сай деп санаймыз.

**Ұсыныс:** Берілген тәртіптік жазаларды жұмыс беруші мен қызметкерлер өкілдерінің тең санынан тепе-тендік негізде, комиссия туралы ережені бекіте отырып, мерзімінен бұрын алғы тастау туралы мәселені шешу үшін тұрақты комиссия құру қажет. мұдделер қақтығысына және еңбек саласындағы кемсітпеуге қатысты жағдайлар үшін

Азаматтық қызметкерлер лауазымына адамдарды қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптары сақталған. Білімдері лауазымдық талаптарына сай.

Дегенмен Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы қабылданбаған Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы жарияланған жағдайда жалақысы аз деп адамдар қатыспауды мүмкін деп адамдар пайымдайды.

Қазақстан Республикасының еңбек кодексінің 139 бабының 1 тармағында азаматтық қызметке кіру тағайындау тәртібімен не конкурс бойынша жүзеге асырылады делінген. Тумалас, таныстарды конкурссыз алу мұдделер қақтығысын тудыруы мүмкін.

**Ұсыныс:** Мұдделер қақтығысын алдын алу үшін Қазақстан Республикасының еңбек кодекс талаптарымен Enbek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы қабылдауды міндеттеуді ұсыну.

#### **4.Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).**

«Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 31 қантардағы № 39/НҚ бүйрүғын іске асыру шеңберінде.

- 1) жеке тұлғаларды медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № КР ДСМ-194/2020 бүйрүғы;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № КР ДСМ-198/2020 бүйрүғы;
- 3) «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № КР ДСМ-90 бүйрүғы;
- 4) «Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № КР ДСМ-49/2020 бүйрүғы;

- 5) «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № КР ДСМ-198/2020 бұйрығы;
- 6) «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № КР- ДСМ-27 бұйрығы;
- 7) «Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қазандығы № КР ДСМ -103 бұйрығы;

2020,2021, 2022 жылдарда мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымдар тіркелген жоқ.

2021-2022 жыл ішінде тоқсан сайынғы негізде статистикалық деректерді, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы мониторингінің нәтижелерін және ақпараттық жүйелерді, Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс-шаралары туралы, шағымдардың болуы/болмауы және т.б. ақпаратты көрсететін талдамалық жазбаның қоса бере отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау бойынша емхананың жұмысы туралы есеп қалыптастырылды.

Тоқсан сайынғы негізде нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы КР заңнамасы талаптарының сақталуына талдау жасалған мемлекеттік қызметтер көрсетуге мониторинг жүргізілді.

Мониторинг нәтижелері мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімшелер мен филиалдардың назарына жеткізілді.

Тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдерін бұза отырып көрсету жағдайлары, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына шағымдар анықталған жоқ.

Пациенттерді қолдау қызметі бойынша:

<b>2020 ж.</b>	<b>2021 ж.</b>	<b>2022 ж.</b>
<p>ҚМИС бойынша барлық пікірлер-0</p> <p>Барлық өтініштер уақтылы пысықталады.</p> <p>Алғыс-0</p> <p>Ауруханаға жатқызу - 1148</p> <p>Е-ӨТІНІШ-жоқ</p> <p>Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды.</p> <p>Негізделген шағымдар болған жоқ.</p>	<p>ҚМИС бойынша барлық пікірлер-10</p> <p>Барлық өтініштер уақтылы пысықталады.</p> <p>Ауруханаға жатқызу-1148</p> <p>Алғыс-1</p> <p>Е-ӨТІНІШ-10</p> <p>Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды.</p> <p>Негізделген шағымдар болған жоқ.</p>	<p>ҚМИС бойынша барлық пікірлер-90</p> <p>Барлық өтініштер уақтылы пысықталады.</p> <p>Алғыс-2</p> <p>Ауруханаға жатқызу - 1315</p> <p>Е-ӨТІНІШ-90</p> <p>Барлық шағымдар алгоритмге сәйкес пысықталды.</p> <p>Негізделген шағымдар болған жоқ.</p>

**5. Рұқсат беру функцияларын іске асыруға- Жарғыға сәйкес Кәсіпорынға рұқсат беру функциялары берілмеген.**

**6. Бақылау функцияларын іске асыруға -Жарғыға сәйкес кәсіпорынға бақылау-тексеру функциялары берілмеген.**

**7. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).**

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде "Сыбайлар" жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Зандарында көзделген шектеулер бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алуға осы әлеуметті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуметті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының өнім берушінің таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар, не осы әлеуметті өнім берушінің, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің Бірынғай тізіліміне енгізілген әлеуметті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу, сыбайлар жемқорлық қауіппері анықталмады. Кәсіпорынның Мемлекеттік сатып алуы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Занының нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" № 648 бұйрығына, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Мемлекеттік сатып алу веб-порталында және Кәсіпорынның Интернет-ресурсында орналастырылған бекітілген, мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдері Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады, бұл "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Занының 4-бабында айқындалған қағидаттарды байқауға, сондай-ақ веб- порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық және дұрыс ақпарат қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын айқындауға мүмкіндік береді. Электрондық шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағыттаған басқа да бірқатар нормалардың енгізу сыбайлар жемқорлық қауіпперін барынша азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағытта сыбайлар жемқорлық қауіппері жоқ.

Алайда Медициналық көмектің мемлекеттік көлемі шеңберінде және МӘМС жүйесінде мемлекеттік сатып алушы және дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алушы ұйымдастыру

Ағымдағы сатып алуарлардың нәтижелеріне әсер ететін фактілерді бұрмалау және/немесе жасыру. Белгілі бір әлеуетті өнім берушінің «мүмкіндіктері» бойынша конкурстық және басқа құжаттаманы (техникалық ерекшелікті) ресімдеу мүмкіндігі

Жосықсыз жеткізушілерді/әлеуетті өнім берушілерді тиісті тізілімге енгізуге бастамашылық ету

Әлеуетті өнім берушілерді/өнім берушілерді енгізуге уақтылы бастамау және/немесе соңғысын тиісті тізілімге енгізу үшін сотқа талап-арыздарды беру мерзімін әдейі өткізіп алу.

#### **Ұсыныс :**

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу үшін әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін электрондық түрде, ақпараттық жүйе немесе портал арқылы тапсыруды ұсынады. Қызметкерлер өнім берушілермен кездеспеуі керек. Мемлекеттік сатып алушыларға заң өзгерісі жөнінде жылына семинарлар өткізілсе.

2020 жылы бойынша ешбір мемлекеттік сатып-алу бойынша сотқа ешбір іс тапсырылған жоқ.

2021 жылы бойынша ешбір мемлекеттік сатып-алу бойынша сотқа ешбір іс тапсырылған жоқ.

2022 жылы бойынша «КББ-Корпорация» жеке кәсіпкермен тауар жеткізілмеген үшін сотқа жеткізіліп- ол кәсіпкерден айыппұл өндірілді.

#### **8. Қаржы-шаруашылық қызметінде анықталған тәуекелдер саны - 0 (бірлік).**

Кәсіпорын қызметі бюджет және қаржы қаражатын негіздеуге және бөлуге бағытталмаған. Жарғыға сәйкес, кәсіпорының қызметі даму жоспарына сәйкес өзінің кірісі мен бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Сонымен қатар, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бекітілген халыққа көрсетілетін қызметтер үшін кәсіпорынға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражатынан сомалар төленеді.

Ол үшін кәсіпорын мен Қор арасында медициналық қызметтерді сатып алу шарттары жасалды, олардың негізінде кәсіпорын сатып алу шарттары күшіне енген сәттен бастап қосылу шартында белгіленген шарттармен шарттық қатынастарға түседі.

Қосымша ақпарат (мысалы, аудиторлық тексерулердің нәтижелері: ішкі аудит қызмет, прокуратура тексеріс анықтамасы) акттер.

Акт. анықтама бойынша шаралар алынып, кемшіліктер жойылды.

**9.Анықталған жасырын мемлекеттік қызметтердің саны - 0 (бірлік).  
Жұмыс барысында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жок.**

## **ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қоғамның 2021, 2022 және 2023 жылдарға арналған қызметтіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Қоғамның Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметі келесі ұсыныстарды береді:

Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу саласындағы тәуекелдермен байланысты мәселелер Қоғам басшылығы деңгейінде шешілетін шаралардың шеңберінен шығатыны анық, осыған байланысты осы аналитикалық есептің көшірмесін Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жіберу қажет.  
Анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымды іске асыру мерзімі осы ұсыным берілген күннен бастап 2 айға белгіленсін.

Бұдан басқа, «Жетібай ауылдық ауруханасы» ШЖҚ МҚК қызметкерлер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшешіту бойынша тұрақты мақсатты жұмыс жүргізілуде.

## ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МУШЕЛЕРІ:

1. Оразов К.С.

2. Оралшаева Тлектес Тулемисовна

3. Хасан Жамбыл Қайратұлы

4. Куандық Асланбек Қыдырбекұлы

5. Нұрадинов Қалдыбай Жұмаханұлы

6. Мырзакурова Дармина Сансызбаевна

7. Карима Кайржановна

8. Адамбекова Гулжайна Адамбековна

9. Жакупов Аскербек Болатович

10. Жумсакова Алтынгүл Исагалиевна

11. Жұбан Фарида

12. Сәдурова Гаүһар Оралбайқызы

13. Сәрсен Теңелбай Жұмағұлы

## Жұмыс тобы хатшысы:

Сәдурова Гаүһар Оралбайқызы

Таныстым: Калимов Бейбит Бекищевич

(Мемлекеттік мекеменің/ұйымның басшысы, Т. А. Ә., қолы)

